

трейдинга в Казахстане был разработан и в 2010 г. введен в эксплуатацию новый программный продукт – STrade. Других платформ для удаленной торговли долгое время в Казахстане не было, поскольку брокеры не проявляли к ним явного интереса. С другой стороны, внедрение международной технологии работы через FIX-протокол дает возможность уже в скором времени адаптировать и использовать любые другие торговые платформы – в частности, популярный в России QUIK. Таким образом, как казахстанские, так и иностранные инвесторы получают дополнительные технологические возможности торговли на KASE через Интернет. Кроме того, в планах – образовательные и маркетинговые мероприятия для различных групп инвесторов совместно с РФЦА. Поскольку в развитии инвесторской базы ключевую роль играет наличие привлекательных финансовых инструментов в свободном обращении, KASE планирует активно предлагать инструменты срочного рынка. Также проводится активная работа над возможностью внедрения исламских инструментов. В числе приоритетных задач новой стратегии – достижение соответствия международным стандартам биржевой торговли и, как результат, получение статуса полноправного члена Всемирной федерации бирж (WFE). Это, в свою очередь, возможно только с внедрением необходимых технологических усовершенствований. Есть четкое видение того, что именно необходимо сделать для развития технологий прямого доступа (DMA), системы риск-менеджмента и расчетов. Этой работе будет способствовать активная международная деятельность и сотрудничество KASE с мировым финансовым и биржевым сообществом. За прошедшие годы достигнут заметный прогресс в этом направлении, о чем свидетельствует, в частности, решение о проведении осенью этого года в Алматы Ассамблеи Федерации евро-азиатских фондовых бирж (FEAS) и включение KASE в состав Исполнительного комитета FEAS. Кроме того, KASE планирует продолжать совершенствование корпоративной структуры и управления биржи, а также технологий. Все это нашло свое отражение в планах KASE на ближайшее будущее. И при поддержке профессионального сообщества и государства, в ближайшие годы на казахстанском финансовом рынке будут и новые инструменты, и новые эмитенты. Постепенно все это даст толчок к формированию обширной инвесторской базы в поддержку национальной экономики.

-
1. Годовые отчет АО «Казахстанская фондовая биржа»
 2. Сайт, www.kase.kz
 3. Сайт, www.stat.kz

В данной статье сделан подробный анализ финансового состояния страны и фондового рынка в частности. Приведены данные с отчетов и статистического Агентства РК. Рассмотрены перспективы развития Казахстанской фондовой биржи.

In this article, was made a detailed analysis of the financial situation of the country and the stock market in particular. Data are presented with statistical reports and the Agency of RK. Were viewed the prospects of the Kazakhstan Stock Exchange.

С.Ө. Өсербайұлы, Е. Жұмағалиев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БЮДЖЕТ ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАНЫ РЕТТЕУДЕГІ РӨЛІ

Бюджет жүйесінің құрамы елдің ұлттық-мемлекеттік құрылымымен анықталады. Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі экономикалық қатынастарға және тиісті құқықтық нормаларға негізделген әр түрлі деңгейлердегі бюджеттерді қамтиды.

Кез келген мемлекеттің бюджеттік саясаты оның экономикасын мемлекеттік реттеудегі негізгі құралы болып табылады, сондықтан ол мемлекеттік биліктердің негізгі қызметтерін жүзеге асыруға көмектеседі. Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының бюджет саясатының негізгі мақсаты бюджетаралық қатынастарды және барлық деңгейдегі бюджеттердің айқындылығына және тұрақты өсуіне бағытталған бюджет жүйесінің кемелденуі. Бюджетті жоспарлау үдерісін және оның атқарылымын тиімді жүргізу мемлекеттік бюджет жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін басты құрал ретінде қарастырылады.

Бюджетті қалыптастырудағы негізгі қағидат болып, республикалық және жергілікті бюджеттерге түсімдерді үйлесімді бөлу жүйесінің сақталуы, бюджеттік шығыстардың ағымдағы кезеңге және болашақ даму бағдарламасына бөлінуі, аймақтық бағдарламаларды, әдістемелік ұсыныстарды енгізу сипат алады. Бюджетаралық қатынастардың қағидаттары негізінде, мемлекеттік басқару деңгейлерінің арасындағы қатынастардың дұрыс қалыптасуы, түсімдер мен шығыстарды бюджеттер арасында бірыңғай бөлу, бюджетаралық қатынастарды анықтау әдістеріндегі бірлігі және айқындылығы, жергілікті бюджеттердің жоғары тұрған бюджеттермен теңдігі, бюджеттердің қамтамасыз етілу деңгейлерін теңестіру, жергілікті органдарға бірдей деңгейде мемлекеттік қызмет көрсету арқылы барынша тиімді және нәтижелі болуы көзделген.

Соңғы жылдары негізгі зерттеулер республикалық бюджет пен облыстық бюджет арасындағы бюджетаралық қатынастарды реттеуге арналған. Республикадағы бюджетаралық қатынастар жүйесі аймақтардың қаржыларының өз мұқтаждықтарын өтеуге ынталандыру, субвенция алатын, яғни қаражаттары жетіспеген жағдайда орталық бюджеттен қаржылық көмек алатын аймақтардың санын азайту, бюджет көрсеткіштерінің арасындағы қаржы ағындарының қақтығысын қысқарту, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын теңестіруді қамтамасыз ету, барлық азаматтарға олардың өмір сүру орындарынан тәуелсіз, ең аз көлемдегі болса да бюджеттік қамтамасыз етуді кепілдеуі керек. Қазіргі күндегі бюджетаралық қатынастар мұндай мәселелердің шешілуіне септігін тигізбей отыр. Әсіресе облыс пен одан төмен тұрған бюджетаралық қатынастарды реттеу аса өзекті мәселеге айналып отыр. [1]

Сонымен қатар негізгі көңіл, әртүрлі деңгейдегі бюджеттер арасында қаржылық ресурстарды қайта бөлу механизміне бөлінеді, оның ішінде көптеген мәселелер республикалық бюджет пайдасына шешіледі.

Соңғы жылдары мемлекеттік бюджеттің жиынтық түсімдерінде жергілікті бюджеттердің түсімдерінің үлесі төмендеуде. Мұндай беталыс қаржылық ресурстарды республикалық бюджетке орталықтандырумен байланысты.

Алдағы орта мерзімді кезеңде фискалдық саясат экономикалық және қаржылық дағдарыс салдарларын ескеру, экономиканы тез қалпына келтіру мен ары қарай сапалы өсуін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік басқару және жоспарлау жүйесін сауықтыру және жетілдіру шараларын қамтитын бағыттар бойынша бір уақытта жүргізілуін қарастырады.

Экономиканы қолдау мен реттеу жөніндегі бірінші кезекті шараларды жүргізу, ол халықтың өмір сүру сапасын арттыруды және жұмыссыздықтың өсуіне жол бермеуді, қаржы секторын тұрақтандыруды қамтитын әлеуметтік мәселелерді шешу саласында бұрын қабылданған шараларды жүзеге асыруды жалғастырудан тұрады, қазіргі жағдайға байланысты бюджеттік саясатты жақсартатын, оның ішінде бюджет көрсеткіштерін нақтылайтын механизмдерін жедел енгізуді қажет етеді.

Тікелей мемлекеттік жоспарлауға сәйкес бюджеттік жоспарлауды жүзеге асыру: мемлекеттік мақсаттар – мемлекеттік органдардың стратегиялық мақсаттары - тактикалық міндеттер – іс шаралар – ресурстар – бюджет. Өз кезегінде, бюджет экономикаға оң әсерін тигізетін және орта мерзімді қолайсыз және ұзақ мерзімді салдарларға – инфляцияға, бюджет тапшылығының тез өсуіне алып келмейтін оңтайлы шараларды және бюджет қаражаттарының көлемін анықтауға сүйеніп құралады. Сонымен қатар, болған шығыстарды оңтайландыру нәтижесінде қысқарған бюджеттің ағымдағы шығыстарының өсімін тежеу,

басталған жобаларды аяқтау және жаңа жобаларды жүзеге асыруды созуға жол бермеу тәсілімен инвестициялық жобаларды жүзеге асыруды реттеу жоспарлануда.

Әртүрлі деңгейдегі бюджетаралық қатынастардың тазалығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін аудандар мен қалалардың бюджеттік қамтамасыз етілу деңгейін теңестіру, бюджет қаражаттарының пайдаланылуының тиімділігін арттыру және халықтың қорғалмаған бөлігін әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету, бюджет шығыстарының негізгі әлеуметтік-экономикалық бағыттар бойынша нақты басымдықтарын белгілеу, оның ішінде білім беру, денсаулық сақтау, сумен қамту, көлік және инженерлік инфрақұрылым саласындағы бағдарламаларды бірінші кезекте және толық көлемде қаржыландыруды қарастыру керек. [2]

Бюджет жүйесінің әртүрлі деңгейлерінің қарым-қатынасы, бюджеттік жүйенің барлық компоненттерінің қарым-қатынасын қамтамасыз ететін бюджеттік реттеу арқылы жүзеге асырылады. Бюджет жүйесінің теңсіздігі мәселесі кез келген мемлекетке тән. Басқарудың әртүрлі деңгейімен жүзеге асатын, әртүрлі қызметтік бюджет жүйесінің кез келген үлгісіне вертикальды теңсіздік тән.

Әлемдік тәжірибеде бюджеттік реттеуде, көптеген елдер теңестіретін қорлардың, яғни олардың тұрақты толтыруын қамтамасыз ететін бірнеше жалпы мемлекеттік салықтық алымдардың аударылуынан қалыптасатын қорлар қолданылады. Аймақаралық әртүрлілікті тегістеу қазіргі кезде экономикалық реформалауда өзекті мәселе болып отыр. Бұл мәселелерді шешпей, ұлттық экономиканың тұрақты өсуі мен саяси тұрақты қоғам құру қиын. Нашар құрылған бюджетаралық қатынас саяси тұрақтылыққа кері әсерін тигізуімен қатар, макроэкономикалық көрсеткіштерге де қатерін туғызады.

Бюджетаралық қатынастың негізгі қағидаты саяси тұрақтылықты ұстап тұру болып табылады. Аймақаралық шаруашылық қызметін кеңейту, республикалық және жергілікті бюджет арасындағы қарым-қатынасы мәселесіне жаңа тәсілдерді және мемлекеттік қаржыландыру, олардың іске асу нысандарында жергілікті бюджет қажеттілігінің дұрыс бағалануын талап етеді. Республикалық және жергілікті бюджет арасындағы қарым-қатынастың тиімді механизмін жасау, бюджет реформасындағы күрделі мәселелердің бірі.

Жалпы экономиканың дамуы мемлекеттің қаржы жүйесінің жағдайына тікелей байланысты, яғни қалыптасқан тұрақты қаржылық, несиелік, бюджеттік қарым-қатынастардың мәні өте зор. Жалпы ішкі өнімнің өсу қарқыны, жұмыссыздық пен инфляцияның деңгейі, валюта бағамы мен басқа да макроэкономикалық көрсеткіштердің оңтайлы деңгейіне жету осы қарым-қатынастардың ағымдағы жағдайына байланысты.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының экономикалық стратегиясы макроэкономикалық жағдайдың тұрақтануына қол жеткізуге әсер етті. Бұл мемлекеттік бюджет тапшылығының азаюын және қатаң монетарлық және несиелік саясатты іске асыруда көрініс тапты. Осы міндетті шешуде еліміз елеулі табыстарға қол жеткізді, атап айтқанда, «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді стратегиясы мемлекеттік қаржыны басқаруды жетілдірудегі барлық қабылданған реформалардың басым бағыттарының бірі ретінде айқындалды. 2008 жылы жаңа Бюджет және Салық кодекстері қабылданып, бағдарламалық-мақсатты және орта мерзімді бюджеттік жоспарлау әдістері белсенді түрде қолданыла бастады. [4]

Елбасы Н.Ә.Назарбаев еліміздің антициклді фискалды саясатқа көшу мәселелерін аса маңызды, әрі өзекті шара деп атап өткен болатын. Осы саясатты жүзеге асыру үшін қаржылық қадағалаудың рөлін күшейту, бюджеттік заңнаманың тиімділігін ұлғайту қажет. Өйткені бюджет-ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігі мен орнықтылығын нығайтудағы экономикалық аса маңызды категория болып саналады.

Антициклді фискалды саясаттың негізгі мақсаты экономикадағы кезекті ауытқушылықтарды жеңілдетіп, циклді дағдарысты тереңдетпей, жұмыссыздықтың алдын алу және экономиканың өсімін қамтамасыз ету болып табылады. Қазақстанның экономикасы әлемдік шаруашылықпен тығыз байланыста және әлемдік экономиканың циклді дамуына белгілі бір деңгейде тәуелді. Бұл ең алдымен бағаның құбылуында айқын көрініс тапты. Осындай жағдайларда мемлекеттік басқару мен реттеудің рөлі арта түседі. Антициклді саясатты

жүзеге асыру үшін фискалдық саясатты қоса алғанда бірқатар кешенді шаралар атқарылуы қажет. Сонымен қатар республикалық бюджет шығындарының стратегиясын қандай да бір басымдықтарына әсерін бағалау үшін шығыстардың функционалдық топтарын стратегияның басымдықтарымен салыстыра қарастыру керек.

2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Қазақстан-2030» стратегиясының индустриалды-инновациялық дамуының бесжылдығы басталды. Бұл бағдарлама қазіргі әлемдік экономиканың дамуына сәйкес болуын қарастырады. Бағдарламаның басты міндеті Қазақстанда еркін нарықтық қатынастар мен адал бәсекелестік орта құру және іскерлік белсенділікті арттыру болып табылады.

Орта мерзімді кезеңде жүргізіліп жатқан мемлекеттік шығыстар саясаты әлеуметтік-экономикалық саясаттың ұзақ және орта мерзімді басымдықтарына сәйкес мемлекеттік міндеттемелердің толық орындалуын қамтамасыз етуге, әрбір мемлекеттік органның стратегиялық жоспарлау сапасын жақсарту және тиімсіз шығыстарды қысқарту есебінен оларды түпкі нәтижелерге бағдарлай отырып, бюджет шығыстарының тиімділігін арттыруға бағытталатын болады.

2009-2011 жылдары мемлекеттік бюджеттің шығыстары келесідей басымды салаларға қарастырылған:

- әлеуметтік саланы және адами капиталға инвестициялар салу;
- үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту мен серпінді жобаларды іске асыруға;
- аграрлық секторды дамытуға жәрдемдесуге;
- стратегиялық инфрақұрылымды дамытуға;
- экономикалық өсудің аймақтық орталықтарын қалаптастыруға т.б.

Қазіргі кезде Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік басқару саласындағы қайта құрулар қоғамның заманауи қажеттіліктеріне жауап беретін тиімді және бәсекеге қабілетті мемлекет құруға бағытталған.

Жаңа мемлекеттік басқарудың тұжырымдамасына сәйкес соңғы онжылдықта дамыған елдердің көпшілігінде жүргізілген бюджеттік реформалардың негізгі элементтерінің бірі орта мерзімді қаржылық жоспарлау шеңберіндегі нәтижелерге бағдарланған бюджет жасау үлгісін пайдалануға көшу болды.

Бюджет шығыстары нәтижелілігінің мониторингі жүйесін құрудан басқа бұл үлгі үш жылдық бюджеттік жоспарлауға көшуді болжайды. Мұндай тәсілдің шеңберінде әрбір бюджеттік цикл алдыңғы бюджеттік циклден бұрын мақұлданған тиісті жылға арналған орта мерзімді қаржылық жоспардың негізгі параметрлерін қараудан, сыртқы факторлар мен жағдайлардың өзгерістерін талдаудан, жоспарланатын жылдың негізгі бюджеттік көрсеткіштеріне енгізілетін өзгерістерді негіздеуден, сондай-ақ кейінгі жылдарға арналған бюджеттік жобаларды түзетуден немесе әзірлеуден басталады.

Мемлекеттік бюджетті жоспарлау мен реттеудің жаңа жүйесі:

- Қазақстан Республикасында бар стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлаудың тиімді үндестігін қамтамасыз етуге;
- мемлекеттік органдардың қызметін мемлекеттің стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге, нақты нәтижелер алуға бағдарлауға;
- бюджеттік үдерісті бюджет қаражатын ашық бөлуге және мемлекеттік саясаттың басымдықтарына сәйкес қаражатты барынша тиімді басқаруға бағдарлай отырып, қысқа мерзімді бюджеттік жоспарлаудан орта мерзімді бюджеттік жоспарлауға көшуді қамтамасыз етуге;
- азаматтарға көрсетілген қызметтер сапасын талдауға және бағдарламалық құжаттарды іске асыру нәтижелеріне бағытталған мемлекеттік органдар қызметі тиімділігінің кешенді бағасын енгізуге бағытталған. [5]

Қазіргі қаржылық дағдарыс кезеңінде үш жылға арнап бюджетті қалыптастырудың өзіндік қиыншылықтары баршылық. Оның үстіне бұл бір ғана Қазақстанның басына туған дағдарыс емес, ол әлемдік болжау деңгейі қазіргі кезеңде аса қиын мәселеге айналып отыр, Алдағы үш жылдағы барлық шығыстардың 50 пайызы әлеуметтік саланы қамтығалы отыр.

Бұдан басқа, құрылысы басталған әлеуметтік нысандар жалғасын табады. Жол картасы бойынша қамтылатын шаралар да тоқтамайды. Шағын және орта бизнесті қолдауға, агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға қатысты негізгі міндеттер атқарылады.

Әлемдік бағаның ұдайы өзгеріске ұшырайтындығын ескере отырып, мұнайдың әлемдік бағасына қатысты барынша консервативті болжам ұстанып отыр. Бұл ретте мұнайдың бағасы 2010 жылы 50 доллардан, 2011-2012 жылдары 60 долларға көтеріледі деп болжанады. Ал жалпы ішкі өнімнің өсім қарқыны 2010 жылғы 2,4 пайыздан бастап 2012 жылға қарай 3,9 пайызға біртіндеп ұлғаятыны күтіледі.

Бюджеттің негізгі жоспарлары бойынша 2010 жылғы бюджет кірістері 3 трлн. 189,6 млрд.теңге шамасында белгіленген. Бұл ретте қабылданған дағдарысқа қарсы шараларды іске асырудың тиімділігі де оң әсерін беруі қарастырылған. Сонымен бірге, Ұлттық қордан нысаналы трансферттер тартуды тоқтатып, оның активтерін жинақтау саясатын жалғастыру туралы шешім қабылданды.

Жобаны әзірлеушілер 2010-2012 жылдарға арналған корпоративтік табыс салығын қазіргі мөлшерде, яғни 20 пайыздық ставкада қалдыруды ұсынған. Осының нәтижесінде белгіленген кірістер көлемі 2010 жылы қосымша 83,7 млрд. теңгеге артатын болады.

Ал 2011 жылы бұл 100,3 млрд.теңгені, 2012 жылы 219,7 млрд.теңгені құрайды деп болжанады.

Бюджеттік қатынастарды реттеу әдістерінің республика деңгейінде дамуы бойынша шаралардың негізгі мақсаты салықтық базаны кеңейту жолымен бюджетке түсетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің көбеюіне бағытталған, салықтық заңдылықтарды қайта құру, салықтық әкімшілікті жақсарту, алымдар мен салықтық емес төлемдерді жүйелеу, қазіргі уақытта іске асып тұрған салықтық жеңілдіктерді ретке келтіру, т.б. [3].

Экономиканың заманауи даму кезеңінде қоғамдық өндіріс тиімділігін арттыруда, әсіресе аймақтың рөлін күшейтуде, жергілікті билік органдарының бағдарламасы мен экономиканы реттеудегі бюджеттік әдістердің маңызы мен ерекшеліктеріне зор көңіл бөлу керек. Олар: бюджет жүйесінің мемлекеттік билік органдарының қызметіне тікелей тәуелділігі, қоғамдық қажеттілікті қаржымен қамтамасыз ету, мақсатты және тиімді реттеу тетіктерін енгізу, бәсекеге қабілетті тұрақты қаржы жүйесін қалыптастыру, т.б.

1. Құлпыбаев С., Ынтықбаева С.Ж., Мельников В.Д. Қаржы: Оқулық/ - Алматы Экономика, 2010- 522 бет

2. Б.С. Өтебаев Мемлекеттік бюджет: Оқулық/-Алматы Экономика, 2006

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің сайт ақпараттары <http://www.minfin.kz>

4. Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексі. А. 2009

5. Қазақстанның жаңа бюджеттік саясаты. Астана. ҚР-ның экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің экономикалық зерттеу институты, 2008ж.

Решение социально-экономических проблем, возникающих в ходе реформирования финансовой системы Республики Казахстан, прежде всего, зависит от оздоровления бюджетной системы, что, в свою очередь, обусловлено необходимостью совершенствования бюджетного процесса, своевременным и полным исполнением государственного бюджета, являющегося не просто центральным звеном бюджетной системы, но и единственным источником денежных средств, находящихся в полном и непосредственном распоряжении государства для выполнения своих функций.

Таким образом, в финансовой системе центральное место занимает государственный бюджет - самый крупный денежный фонд, который использует правительство для финансирования своей деятельности. В силу своего особого положения государственный бюджет взаимодействует с другими звеньями финансовой системы, оказывая им при необходимости поддержки.

Addressing socio-economic problems arising in the course of reforming the financial system of Kazakhstan is primarily dependent on the improvement of the budgetary system, which in turn is caused by the need to improve the budget process and the timely and full implementation of the state budget, which is not just a central part of the budget system but the only source of funds in the full and immediate disposal of the state to perform its functions. Thus, the

central place is the state budget in the financial system – it is the largest pool of money that the government uses to finance its operations. Due to its special situation the state budget interacts with other parts of the financial system, providing them with necessary support.

М.Д. Тинасилов, Г. Текесбаев

УПРАВЛЕНИЕ ИНВЕСТИЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬЮ ПРЕДПРИЯТИЙ

Ключевым фактором, определяющим возможность стабилизации и последующего экономического роста, является высокая инвестиционная активность. Осуществляемые в Казахстане экономические реформы существенно изменили правовое финансово-экономическое и социальное положение основного звена народного хозяйства – предприятия (организации), его статус в системе хозяйственного и гражданского оборота. Вместо преобладавших ранее во всех отраслях экономики предприятий (организаций), основанных на государственной собственности, возникли и функционируют миллионы предприятий (организаций), базирующихся на частной, смешанной акционерной собственности. Все это повлияло на изменение механизма управления и организации инвестиционной деятельности как основы экономического роста, на повышение конкурентоспособности организаций и экономики в целом.

Президент республики Н.А. Назарбаев в своем Послании народу Казахстана в качестве одного из основных приоритетов развития общества выделяет экономический рост, базирующийся на открытой рыночной экономике с высоким уровнем иностранных инвестиций и внутренних сбережений. Политика привлечения иностранного капитала исходит из общей экономической стратегии развития Казахстана. Действительно, в условиях суверенного Казахстана инвестиции выступают мощным экономическим, финансовым инструментом, оказывающим огромное влияние на развитие всей экономики страны в целом. В связи с этим актуализируются вопросы привлечения в страну внутренних и внешних (иностраных) инвестиций, выработки действенной инвестиционной политики предприятий и организаций по их рациональному использованию и функционированию.

По мнению западных экспертов, инвестиционный климат в Казахстане в целом благоприятный, но серьезные преграды в виде бюрократических препон, финансовых рисков, недостатков в налоговом законодательстве и администрировании, недостаточно развитой правовой инфраструктуры в сфере страхования, залогов и т.д. могут начать сдерживать процесс притока иностранного капитала и инвестиций. С другой стороны, Казахстан считается для зарубежных инвесторов привлекательным рынком по самым базовым параметрам делового климата: республике свойственны крупный рыночный потенциал, изобилие природных и трудовых ресурсов. Потенциальная прибыльность инвестиций выступает существенным фактором для инвесторов, ожидающих получить больше прибыли от инвестиций в Казахстане.

В настоящее время Республика Казахстан уделяет большое внимание укреплению и развитию многосторонних связей с государствами Центральной Азии. Проблемы – политические, экономические культурные, экологические у наших государств во многом совпадают. Экономика государств связана и имеет взаимное влияние.

Для лучшего развития экономик государств, интеграции в мировую экономику следует ускоренным темпом развивать данный комплекс.

Для этой цели необходимо привлекать инвестиции: внутренние и внешние.

В условиях современной трансформации социально-экономической системы Казахстана на одно из первых мест выдвигается проблемы обеспечения экономического роста, во всех отраслях народного хозяйства. Для решения этого необходимо привлечение значительных инвестиционных ресурсов в реальный сектор экономики.